

Жәнібек ауданында 2012 жылдың қаңтар-наурызда азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімінің 2011 жылғы 22 қарашадағы N 26 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 14 желтоқсанда N 7-6-133 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 4 сәуірдегі N 64 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2012.04.04 N 64 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. "Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) Жәнібек ауданында 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтардың шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету ұсынылсын.

2. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Жәнібек аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) шақыру учаскелеріне тіркелуге жататын азаматтарды медициналық тексеруден (емделуге) өткізу жөнінде шаралар алу ұсынылсын.

3. "Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі шақыру учаскелеріне тіркеу жұмыстарын ұйымдастыруға техникалық қызметкерлердің қажетті санын қамтамасыз етсін.

4. Аталған шараларға байланысты шығын жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен өтелсін.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. А. Есенғалиевке жүктелсін.

Аудан әкімінің м. а.

Б. Есенғалиев

КЕЛІСІЛДІ:

"Батыс Қазақстан облысы
Жәнібек ауданның қорғаныс
істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
б а с т ы ғ ы
----- А. Т. Мағзомов

22.11.2011 ж.

Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі денсаулық сақтау
басқармасының "Жәнібек
аудандық орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
д и р е к т о р ы
----- Т. Қ. Мұсағалиев

22.11.2011 ж.